

**«2015-2017 жылдарға арналған  
Байғанин ауданының бюджеті  
туралы» 2014 жылғы 24  
желтоқсандағы № 144 шешіміне  
өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Бюджеттік Кодекстің 109 бабына және Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6 бабына сәйкес, Байғанин аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2014 жылғы 24 желтоқсандағы №144 «2015-2017 жылдарға арналған Байғанин ауданының бюджеті туралы» (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4171 санымен тіркелген, 2015 жылғы 29 қаңтарда «Жем Сағыз» газетінде жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

1 тармақта:

1) тармақшасында

кірістер

«3 463 709» деген сандар «3 463 170,8» деген сандармен ауыстырылсын;  
оның ішінде:

трансферттердің түсімдері

«644 329» деген сандар «643 790,8» деген сандармен ауыстырылсын;

2) тармақшасында

шығындар

«3 703 816,5» деген сандар «3 703 278,3» деген сандармен ауыстырылсын;

6 тармақта:

3) тармақшасында

«39 186» деген сандар «40 386» деген сандармен ауыстырылсын;

көрсетілген шешімдегі 1, 5 қосымшалары осы шешімдегі 1, 2 қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын.

2. Осы шешім 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.